

Материалы международной научно-практической конференции, посвященной 130-летию С.Сейфуллина = С.Сейфуллиннің 130 жылдығына арналған халықаралық ғылыми - практикалық конференциясының материалдары. - 2024. – Б.IV. - Б. 153.

ӘОЖ 81-11(045)

ҚАЗАҚ ТОПОНИМДЕРІНІҢ ШЫҒУ ТАРИХЫ (Павлодар облысының топонимдері негізінде)

*Қуаныш С., Қасқарбек А., 1 курс студенттері
С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті,
Астана қ.*

«Топонимика – ономастиканың жер-су, елді мекен атауларының шығуы мен пайда болуын, мағынасын, құрылымының дамуын, таралу аймағын, қазіргі жағдайын, грамматикасын, фонетикалық пішінін, жазылуы мен екінші бір тілде берілуін зерттейтін құрамдас бөлігі» [1].

Топонимикада жалпы лингвистикадағыдай материалды зерттеудің бірнеше түрлері бар: сипаттамадан салыстырмалы-тарихи, типологиялық, құрамдық, яғни бірде бір теориялық құрылымын алдын ала анықтаусыз мүмкін емес, топонимиканың қалыптасқан өз терминдері бар: мысалы, өзен, көл, тау, қырат, ойпат, аймақ, арал т.б.

Орыс ғалымдары А.В. Суперанская және Э.М. Мурзаев алғаш рет «макротопонимдер» және «микротопонимдер» деген терминдерді тіл білімінде қолданды [2]. Топонимикада микротопонимия белгілі аумаққа тән ұсақ физикалық-географиялық объектілердің, яғни өзен мен көлдердің, көлшік, бұлақ пен бастаулардың, құдық пен жылғаулардың, жыра мен сай салалардың, жота мен төбе, төбешік, қыр-қыраттарының, шабындық пен пішендіктердің, қыстау мен жайылымдарының аттары.

Мәселен, ғалым В.Н. Попованың «Павлодар облысының жер-су аттары» сөздігінде «Әбдірахман» антропонимі Май ауданының бұрынғы «Белогорский» совхозы және «Әбдірахман құдығы» Павлодар ауданында орналасқан болатын [3]. «Барақбай» жайылым атауы бұрынғы Ермак ауданы Қанаш Қамзин совхозы, Барақбай кісі атауымен аталған. Баянауыл ауданында «Балықты» көлі балыққа бай болғандықтан атауына сай халық атап кеткен болатын.

«Ертіс» Қазақстандағы үлкен өзен аты. «Артыш» («арту, асу» етістік) сөзі негізінде қалыптасқан атау. Атаудың олай қалыптасу себебін оның арнасының қилы-қилы жолдар арқылы өтуінен деседі. Мәселен, әуелде жазық даламен аққан Ертіс (Зайсаннан былай), аға келе, тар шатқалдар арқылы Алтайдың Нарын және Қалба жоталары биіктерінен оңай асады. Сондықтан да оның «артыш» немесе «асқыш» аталатын жөні бардай. Артыш этимологиясын оның түркі тілдес дублеттері «Артасу», «Астын-Артыш», «Үст-Артыш» (Жоғары немесе «Қара Ертіске» тең) және басқа гидронимикалық атаулар растайды [4].

Қазақ даласы атауға толы. Қандай да болмасын заттың атауы, оны тек атап қана қоймай, сонымен бірге оны танытады. Ат қоюда өмір шындығы мен тұрмыс болмысы тіл фактілеріне айналып, халықтың тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі, наным-сенімі әртүрлі заттар түрінде тілде қарастырылады.

*Ғылыми жетекшісі Курманова З.К.
филология ғылымдарының кандидаты*

Әдебиеттер тізімі

- 1 Сағындықова, ЭӨ. (2011). *Топонимика пәніне арналған әдістемелік нұсқау*. Ақтау, 89.
- 2 Суперанская, А.В., Мурзаев, Э.М. (1996). *Топонимика и география*. М., 123.
- 3 Попова, В.Н. (1998). *Топонимика Павлодарской области*. 201.
- 4 Қойшыбаев, Е. (1996). *Қазақстанның жер-су аттары сөздігі*. 256.
- 5 Olenev, SV, Kildibekova, BE, Kurmanova ZK, Kravtsova, TM. (2019). Formation of the language identity of a blogger. *Option*, 35: 23, 904.